

4

Тазалық мәселесі күн тәртібінен түспейді



6

«Жасыл ел» жасағы маусымды қорытындылады





Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Президенті:

ЕЛ АМАНАТЫНА АДАЛ БОЛУ – ПАРЫЗ



Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Құрылтайдың бірінші шақырылымдағы алғашқы сессияның ашылуында сөз сөйледі. Президент Құрылтайдың бірінші сессиясын ашық деп жариялап, депутаттарға табыс тіледі. Еліміз даму жолында аса маңызды кезеңге қадам басқанын атап өтіп, бір палаталы заң шығарушы органның қызметіне кірісуі, шын мәнінде, мән-мағынасы айрықша тарихи оқиға екенін жеткізді.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ БІРІНШІ СЕССИЯСЫНЫҢ АШЫЛУЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Құрметті Құрылтай депутаттары, Үкімет мүшелері! Қадірлі қауым!
Баршанызға бірінші шақырылымдағы Құрылтайдың бірінші сессиясының ашылуы құтты болсын!
Бүгін еліміз өзінің даму жолында аса маңызды кезеңге аяқ басты. Бұл – мемлекетіміз үшін мән-мағынасы айрықша оқиға, тарихи сәт. Біз ұлт жылнамасының жаңа парағын ашып отырмыз.
Бүгін жалпыұлттық референдум кезінде Қазақстан халқы қолдаған жаңа Конституцияға сәйкес еліміздің бір палаталы заң шығарушы органы – Құрылтай ресми түрде өз жұмысына кіріседі. Бұл – мемлекетіміздің саяси жүйесінің жаңару үдерісі дәл осы күннен бастау алады деген сөз.
Төл тарихымызға зер салсақ, Құрылтайда мемлекеттік маңызы бар мәселелер кенінен талқыланып, ортақ шешімдер қабылданған. Бұл институттың жаңа кезеңде де жөні бөлек болары анық. Себебі Құрылтай билік жүйесін түбегейлі жаңғыртады, бүкіл мемлекеттік аппараттың жұмысына тың серпін береді. Құрылтай ұлттық заңнама сапасын арттыру арқылы еліміздің құқықтық негізін нығайта түседі.
Осы тарихи миссияны атқару сіздерге жүктеліп отыр. Құрылтайдың бірінші шақырылымының депутаты болу

– ең алдымен, ерекше сәт. Бұл – үлкен бақыт деп айтсақ, қате болмас. Осы аса абыройлы атқа сай лайықты қызмет етесіздер деп сенемін!
Азаматтар елімізде жүзеге асып жатқан ауқымды өзгерістерді жаппай қолдауда. Мұны Құрылтай сайлауы айқын аңғартты. Осы науқанға азаматтарымыздың 74 пайыздан астамы қатысып, дауыс берді. Халқымыз ел тағдырына әсер ететін тарихи таңдауын жасады. Жұртымыз бұл іске зор жауапкершілікпен қарап, қоғамымыздың ауызбіршілігін паш етті. Осылайша, ел бірлігінің мызғымас тірегіне айналған «Әралуан пікір – біртұтас ұлт» қағидаты нақты жүзеге асты.
Құрылтай сайлауына шетел азаматтарының қызығушылығы өте жоғары болды. Қазақстанға беделді халықаралық ұйымдар мен шет мемлекеттен 800-ге жуық байқаушы келді. Бұл – ұлттық парламентаризм тарихындағы ең жоғары көрсеткіш.
Сайлау ашық әрі әділ өтті, өте жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Бүгінде азаматтарымыз саясатқа оң көзбен қарап, қоғамдық істерге белсене араласатын болды. Бұл – жақсы үрдіс. Мұны жұртшылықтың депутаттарға қоятын талабы әрдайым жоғары болады деп түсінген жөн.

2,3-беттер

ТАМЫЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

БІЛІМ: БҮГІНГІ ЖЕТІСТІКПЕН ШЕКТЕЛУГЕ БОЛМАЙДЫ

Кеше «Өнер орталығында» «Жаңа халықтық конституцияның нормалары мен құндылықтары: Адами капиталды дамыту – білім беру жүйесінің стратегиялық негізі» атты облыстық педагогикалық тамыз конференциясы өтті.
Жиынға облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының орынбасары Жәмила Есанова, ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің кеңесшісі Руслан Емелбаев, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, құқық қорғау органдарының басшылары, зиялы қауым өкілдері, білім саласының ардагерлері мен ұстаздар қатысты.



Салтанатты жиында облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев ұстаздар қауымын жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Сөзінің барысында өткен оқу жылының нәтижесін жоғары бағалай келіп, алда тұрған жаңаша міндеттерге тоқталды.
– Құрметті ұстаздар, бүгінгі конференцияда өткен оқу жылының нәтижелерін саралап, алдағы кезеңнің негізгі басымдықтарын айқындаймыз. Алдағы міндет – қол жеткізген нәтижелерімізді сақтап қоймай, білім сапасын жаңа деңгейге көтеру. Осыған байланысты жаңа оқу жылында бірқатар нақты міндетке ерекше назар аударуды ұсынамын.
Президент ауыл мектептерін дамыту үшін білім сапасы төмен аймақтарға нақты қолдау көрсетудің қажеттігін тапсырды. Қала мен ауыл мектептері арасындағы сапа айырмашылығын одан әрі қысқарту, әрбір баланы тұрғылықты жеріне қарамастан сапалы білім беруге жағдай жасауымыз қажет. Сонымен қатар, халықаралық және республикалық олимпиадаларға, ғылыми жобаларға, зияткерлік жарыстарға қатысатын дарынды оқушыларды анықтау, даярлау және қолдау жүйесін күшейту керек. Біз осы бағытта нақты нәтижеге қол жеткізуіміз қажет.
Мемлекет басшысы өз сөзінде Қызылорда облысының Ұлттық бір-ыңғай тестілеудің нәтижесі бойынша жоғары көрсеткішке қол жеткізгенін ерекше атап өтті. Облысымыз үшінші жыл қатарынан республикада бірінші орынға шықты. Бұл – ең алдымен ұстаздардың табанды еңбегі мен мемлекет тарапынан берілген қолдаулардың нәтижесі деп білемін. Облыстың 967 түлегі «Алтын белгі», 1124 түлегі «Үздік аттестат» иегері атанды. Білім алушылардың жетістіктерін мониторингтеу нәтижесінде облыс оқушылары 4-сыныптар арасында республика бойынша үшінші, 9-сыныптар арасында екінші орынға ие болды. Бұл – жақсы нәтиже. Бірақ осы жетістіктермен шектелуге болмайды – деді облыс әкімі.
Бұдан бөлек, аймақ басшысы педагогтердің біліктілігін арттыруды, жас мұғалімдерді қолдау және тәлімгерлік институтын күшейтуді, балалардың заңды мүдделері мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, әлеуметтік осал топтағы балаларға қажетті көмек көрсетуді, қосымша білім беру ұйымдарының мүмкіндігін тиімді пайдаланып, балалардың бос уақытын ұтымды ұйымдастыруды, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алуды тапсырды. Сондай-ақ бүгінгі уақыт талабына сай білім беру жүйесіне жасанды интеллектті енгізудің маңыздылығын, кәсіптік білім берудегі жаңашыл бастамаларды жүзеге асырудың қажеттілігін атап өтті.

4-бет

ЕГІН - 2026

КҮРІШКЕ ОРАҚ ТҮСЕР КҮН ЖАҚЫН



4-бет

НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

СЫРДАРІЯ ӨЗЕНІНЕ ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕР КӨПІРІ САЛЫНАДЫ

Сыр елінің бас шаһарының дамуына серпін беретін жобалардың бірі – Сырдария өзені арқылы өтетін жаяу жүргіншілер көпірінің құрылысы. «Астана» шағын ауданы мен Президент саябағын жалғайтын, қаламыздың жаңа сәулеттік келбетін айшықтайтын маңызды инфрақұрылымдық жоба Нұрлыбек Машбекулының бастамасы болатын. Кеше Қызылордада Сырдария өзені арқылы өтетін жаяу жүргіншілер көпірінің қапсуласын салу рәсімі өтті. Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары қатысты.



4-бет

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Президенті:

ЕЛ АМАНАТЫНА



Қазіргі заман құр уәденің, жалған сөз бен жалаң ұранның уақыты емес. Біздің қоғам кемелдене бастады. Ел ішінде кәсіби Парламентке деген сұраныс артқанын көріп отырмыз. Құрылтайға білікті мамандардың келуі – осыныңайқын дәлелі. Әрине, бәсекенің аты – бәсеке. Біреу ұтады, біреу ұтылады. Алайда елімізде өз пікірін білдіруге, өз көзқарасын айтуға неше түрлі тетік бар. Заңымызға сай келетін түрлі мардымды пікірлер, ұсыныстар неғұрлым көп айтылса, елімізге де соғұрлым тиімді болады, нақты пайдасы тиеді.

Жалпы, бұл сайлаудың мәні де, мазмұны да өзгеше болды. Себебі өткен сайлау ең алдымен Қазақстандағы саяси алуандықтың жаңа сапалы деңгейге көтерілгенін байқатты. Партиялар өзінің әлеуетін толық көрсетті. Өз бағдарламасын жұртшылыққа жан-жақты түсіндіріп, жеткізе білді. Науқанға қатысқан барлық партияның ұсыныстары жұртшылықтың назарын аударды, қоғамдық өмірге үлкен серпін берді. Көптеген байқаушылар партиялардың арасында ашық бәсеке болғанын айтты.

Шын мәнінде, әр партияның өз бағдары, ұстанымы және идеологиясы бар. Науқан барысында олардың қоғамдағы рөлі, саяси жүйедегі орны айқындала түсті. Мұны Құрылтай сайлауының негізгі жетістігі деп бағалауға болады. Осындай оң өзгерістердің арқасында Қазақстандағы саяси-қоғамдық мәдениет үнемі дамып, жетіліп отырады.

Болашақта партиялардың билік жүйесіндегі ықпалы да күшейе түседі. Әр науқан сайын олардың рөлі арта бермек. Сондықтан партиялар алған бағыттарынан таймай, сайлаушылармен жұмысты жалғастыра беруі керек. Сонда ғана саяси ұйымдардың беделі күшейе түседі.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, партиялар ұсынған бағдарламалардың мазмұнына ерекше тоқталғым келеді. Бұл құжаттарда тың идеялар, тиімді ұсыныстар бар. Оның бәрі де алдағы жұмыс барысында мұқият сараланады. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін ең ұтымды шешімдер Үкіметтің жұмысында ескерілуге тиіс.

Сайлауда «Әділет» партиясы басым дауыспен жеңіске жетіп, Құрылтайда конституциялық көпшілікті құрап отыр. Сондықтан «Әділет» партиясына қойылатын талап та, артылатын үміт те, сенім де аса жоғары. Осы орайда, қоғамды ортақ мүддеге ұйыстырып, реформалардың қозғаушы күші болу өте маңызды. Бұл міндет ойдағыдай орындалады деп сенемін.

Жалпы, Құрылтайдың алғашқы құрамына айрықша жауапкершілік жүктеледі. Депутаттар халықтың аманатына адал болып, мемлекет мүддесіне қызмет етуі керек. Бұл – анық ақиқат. Мұны ешқашан естен шығармау қажет.

Қазіргі таңда еліміз дамудың даңғыл жолына түсті. Қазақстан жаңа өрлеу кезеңіне қадам басты. Быыл еліміздің болашағы үшін мән-маңызы зор көптеген тарихи оқиғалар болды. Халқымыз аз уақыт ішінде бір ұлт болып көп жұмыс атқарды. Елімізде жалпыұлттық референдум арқылы ауқымды конституциялық реформа

табысты жүзеге асырылды. Осылайша, біз нағыз Халық Конституциясын қабылдадық.

Жаңа Конституцияның өз күшіне енуін төл тарихымыздағы аса маңызды бетбұрыс деп бағалауға болады. Соның нәтижесінде өсіп-өркендеуімізге жол ашатын мықты заңдың негіз қалыптасты. Қазіргі заманның сын-кәтерлеріне төтеп бере алатын мүлде жаңа саяси-құқықтық жүйенің іргетасы қаланды. Бұл жүйе мемлекет құрылымын толық жанғыртып, билік институттарының тиімділігін арттырады, сондай-ақ, азаматтарымыздың ел басқару ісіне атсалысуына нақты мүмкіндік береді.

Реформаның арқасында тарихи тамыры тереңде жатқан Құрылтай ұғымы қайта жаңғырды. Ата-бабамыз ел тағдыры шешілетін сындарлы сәттерде Құрылтай шақырған. Мысалы, Талас құрылтайы алып империя – Алтын орданың құрылуына себепкер болды. Ал Ордабасы құрылтайы қиын-қыстау кезеңде барша қазақты бір байрақтың астына жинады.

Бұл ұғым Ұлы даладағы парламентаризм институтының жылнамасы тереңде екенін айғақтайды. Сондықтан заң шығарушы органға Құрылтай деген атау бердік. Бұл – өткенді көксеу

Қымбатты отандастар!

Құрметті жиынға қатысушылар!

Әлемдегі оқиғалар тасыған селдей жүйесіз, бейберекет сипатқа ие, алдымызда не боларын болжаудың өзі қиын. Бұл катаклизмдерден елдер мен халықтардың ешбірі тыс қалған жоқ. Мемлекеттердің, әсіресе ірі елдердің арасындағы сенімге селкеу түсті. Бұл БҰҰ мен оның институттарының қызметіне зардабын тигізуде. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі жаһандағы және аймақтардағы бейбітшілікті, тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтау миссиясын атқара алмай отыр.

Осы аласапыранда өңірлік халықаралық ұйымдар алға шығып, олардың рөлі айтарлықтай артты. Әлемдік аренада «Орта державалар» деп аталатын мемлекеттер бой көрсете бастады. Қазақстан да аталған санатқа кіреді.

Сонымен қатар тұрлаусыз әлемде салыстырмалы түрде жаңа үдеріс белең алды. Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект қарыштап дамуда. Бұл үдерістің түптің түбінде қайда апарып соғары беймәлім, тіпті, қазіргі әнтіжелердің өзі екіұдай пікір тудырады. Кейде мұны осы технологияны ойлап табатындар да түсіне бермейді.

нығайтуға қауқарлы, ең маңыздысы, адам әлеуетін дамытатын мемлекеттер ғана жаңа дәуірге бейімделетіні бар-шаға түсінікті.

Дәл осы себепті мемлекетімізді жан-жақты жаңғырту стратегиялық тұрғыдан маңызды. Мақтангершілік емес, әділін айтсақ, біз жүргізіп жатқан ауқымды реформалардың қарқыны алдағы уақытта үдей түспесе, бәсеңдемейді. Қарапайым тілмен айтқанда, артқа шегінер жол жоқ. Бұл – елеулі жетістік.

Қазақ елінде жүргізіліп жатқан реформалардың күн тәртібінде қазіргі, тіпті келешектегі ықтимал жаһандық сын-кәтерлер мейлінше ескерілген. Бұл – аса маңызды. Басқаша айтқанда, сол сынақтарды енсеру үшін алдын алу шаралары қабылданады.

Экономикада іргелі реформалар қолға алынды. Азаматтардың әл-ауқатын арттыру басты міндет ретінде белгіленді. Индустрияландыру қарқын алып, экономиканың жаңа өндірістік негізі айқындалып келеді.

Мемлекет және шетелдік инвесторлар құйған қомақты қаржының нәтижесінде барлық өңірде жаңа өндіріс нысандары мен мыңдаған жұмыс орны ашылып жатыр.



емес. Бұл – тарихи сабақтастықты сақтау, саяси дәстүрді заманауи басқару жүйесімен ұштастыру деген сөз. Құрылтай ұғымы халқымыздың өткенін, бірегей болмысын және жарқын болашаққа деген ұмтылысын айшықтайды.

Біз өскелең ұрпақтың игілігі үшін ынтымағы жарасқан, Заң мен тәртіп үстемдік құрған Әділетті, Қауіпсіз, Таза және Күшті Қазақстанды құрып жатырмыз. Алда ауқымды жұмыс күтіп тұр. Сіздер осы миссияны іске асыруға белсене атсалысып, ең алдымен ұлттың, жалпы халықтың мүддесіне адал қызмет етесіздер деп сенемін.

Мәселен, таяу келешекте ядролық қарудың орнын жасанды интеллект құралдары алмастыруы мүмкін деген болжам айтылды. Мұның бәрі әлемнің дамуы заңдылық пен қисыннан ада екенін көрсетеді. Ал оның зардабын келешек ұрпақ тартады.

Әлемде жаңа тәртіп қалыптасып жатыр. Ол кереғар сипатқа ие: бір жағынан – қауіпті, зиянды, келешегі бұлыңғыр, ал екінші жағынан – ілгері, технологиялық, перспективті әрі адамзат тарихындағы елеулі бетбұрыс саналады.

Мұндай жағдайда экономика, ғылым, әскери-дипломатия салаларында өзінің егемендігін нақты іспен қорғап,

Қазақстанда халық тұрмысы мен экономикалық өсім үшін аса қажетті коммуналдық, көлік, энергетика және су инфрақұрылымдарын жаңғырту үдерісі басталды.

Сіздер, депутаттар, сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары кезінде ел ішін аралап, Қазақстанның бірте-бірте алып құрылыс алаңына айналып келе жатқанына куә болдыңыздар. Алайда үлкен құрылысқа қомақты инвестиция қажет. Мемлекет те бұдан тыс қалмауға тиіс.

Әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан ұзақмерзімді пайдасы бар стратегиялық маңызды жобаларды қаржыландыру, соның ішінде Ұлттық қордан

қаржы бөлу жоспарланып отыр. Қаражат оңды-солды, мақсатсыз жұмсалмайды. Мұндай қауесетті еш нәрседен хабарсыз, ниеті теріс адамдар таратады.

Кез келген қордың, әсіресе, Ұлттық қордың тиімділігі, ең алдымен, келер ұрпақтың игілігі жолындағы зор табысқа, нақты нәтижеге қол жеткізумен өлшенеді.

Ұлттық қордың пайдасын балаларымыз көріп отыр. Олардың есепшотына қомақты қаражат аударылып жатыр (Жақында ұстаздар алдында сөйлеген сөзімде оның мөлшерін айттым). Келешекте өскелең ұрпаққа қызмет ететін заманауи, сапалы инфрақұрылымды дамытуымыз керек.

Басқаша айтқанда, еліміздің алдағы ондаған жылдар, тіпті ғасырлар бойы дамуына берік негіз қаланады. Мемлекетіміздің іргесі де осы игі істердің арқасында беки түседі. Бұл мәселеге Қазақстан халқына арнаған Жолдауымыда кеңірек тоқталамын.

Біздің қалағанымыздай жедел болмаса да, еліміз ғылымды, озық цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті дамытуға ден қойып, инновациялық өркендеу жолына бағыт алды.

Біз әлеуметтік мемлекет ретінде азаматтардың әлеуетін арттыруға әрдайым баса мән береміз. Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт және креативті индустрия саласын жан-жақты дамытуға айрықша назар аударамыз. Мемлекет мақсатшыл, табанды, еңбеккер адамдарға әрдайым қолайлы жағдай жасайды.

Біз жастарға еңбек пен тәртіптің қаншалықты маңызды екенін түсіндіруіміз керек. Себебі, бұл – табысқа жетудің көзі. Азаматтарымыз жаңа дәуірде құқықтық сауатсыздық, әлеуметтік масылдық, жөңсіз сөз бен орынсыз сынның еш пайдасы жоқ екенін білуі қажет. Мұның бәрі – еліміздің өсіп-өркендеуіне бөгет болатын кедергілер.

Саликалы ұлттық сана-сезімді қалыптастыру ісіне айрықша мән беру керек. Мен бұл туралы Тамыз конференциясында арнайы айттым. Енді осы мәселеге Құрылтай қабырғасында қайта оралғанды жөн көріп отырмын. Ұлттың жадын күмәнді деректермен, бұрмаланған мәліметтермен ұрлауға болмайды. Мұндай әрекет өткен күнге деген сенімді, келешекке деген үмітті әлсіретеді.

Біздің төл тарихымыз бен әдебиетіміз шет-шегі жоқ нәубет пен азапқа толы жылдардың жылнамасы емес. Әрине, біз өз тарихымыздағы қиын-қыстау кезеңдерді ешқашан ұмытпаймыз. Алайда халқымыздың басынан өткен қайғы-қасіретті ұлттық болмысымыздың арқауы етуге болмайды. Себебі ұлт тарихы тек жеңіліс пен сәтсіздіктерден тұрмайды, төл шежіремізде жарқын жәністер мен жетістіктер аз болған жоқ.

Сондықтан жалпы әлем тарихына, басқа халықтардың тарихымен қатар, өз тарихымызға да үстірт және жеңіл-желпі, біржақты қарауға болмайды. Тарих өкпе-ренішпен емес, ұлт мүддесін көздеген шынайы көзқараспен жазылуға тиіс. Бұл – ең алдымен өскелең ұрпақ үшін қажет дүние. Көзі ашық, көкірегі ояу азаматтарымыз мұны жақсы түсінеді деп ойлаймын.

Бүгінде еліміздегі қоғамдық өмірдің барлық саласы реформаланып, бірегей инновациялық стандарттар мен тәсілдер қолданылуда. Мемлекеттік институттар мен экономикада ғана емес, ең маңыздысы, азаматтық сана-сезім мен ұлт менталитетінде байыпты әрі ауқымды жаңғыру үрдісі жүріп жатыр.

Соғыстан, дағдарыстан және қырғы-қабат қатынастан көз ашаған қазіргі әлемде мұндай жүйелі қоғамдық трансформацияның өзін бірегей тәжірибе деп атауға болады. Бірде-бір аймақта мұндай үлгі етер мысал жоқ.

Қазақстан түбегейлі реформа жолына түсті, көзге айқын көрінетін өзгерістер жүріп жатқан елге айналды деп толық сеніммен айта аламыз. Осы жаңғыру жолынан жаңылмай, қол жеткізген нәтижелерді орнықтыру үшін ұлтымыздың тарихи дамуындағы негізгі аспектілерге қатысты ұстанымымыз бен көзқарасымызды өзгерткен жөн.

Қоғамымыз аңыздарға емес, шынайлыққа арқа сүйеуі керек. Ескілікті ансамай, алға қарай ұмтылып, ғылымды дамытуға ден қоюға тиіс. Ауызымен орақ органдар емес, істің адамы бағалануы қажет. Жалғандыққа жаны қас, шындыққа жак халық болғанымыз жөн. Бұл аса маңызды қағидаттар келешек ұрпақ идеологиясының өзегіне айналуға тиіс. Ынтымағы мен бірлігі жарасқан халқымыз тарихта талай сынаққа қасқайып қарсы тұрды. Енді өзінің күш-қуатын даму көкжиегін кеңейтуге жұмылдырса деген тілек бар. Жасампаздық пен еңбек қана мұратымызға жеткізеді.

Баршаңыз әлемдегі ахуалдың аса күрделі екенін, болжауға келмейтінін көріп-біліп отырсыздар. Өзара сенім жоғалған, тұрақсыздық белең алған

АДАЛ БОЛУ– ПАРЫЗ

мұндай алмағайып кезде Қазақстанның халықаралық беделі биік тұрғанын айрықша атап өткен жөн.

Жаһан елдері, соның ішінде әлемдік саясатта ықпалы зор мемлекеттердің өзі біздің пікірімізге құлақ асады. Бұл – өте маңызды. Біз ұлттық мүддемізді бәрінен биік қоя отырып, елімізге тән бейбітшілік, өзара достық пен тиімді серіктестік құндылықтарын күллі әлемге табанды түрде дәріптей береміз.

Түптеп келгенде, ұлт болып ұйыса алмасақ, азаматтарымыз ортақ іске жұмылмаса, осы жетістіктердің ешқайсысы да болмас еді. Еліміздің басты қуаты, яғни, стратегиялық басымдығы – халықтың мызғымас бірлігінде және жасампаз рухында.

Біз озық ел ретінде биік мақсаттарға ұмтылуымыз керек. Ұсақ-түйек, кер-тартпа әңгімелерге, әлеуметтік енжарлыққа ұрынбай, әрқашан алға үмітпен, сеніммен қарауымыз қажет. Біздің нақты жоспарымыз бар, бағдарымыз да – айқын. Тек өзімізге сеніп, табанды жұмыс істеуіміз керек.

Біз ұлттық сана-сезімді қалыптастыру ісіне баса назар аударатын болдық, бұл жұмыс өз жалғасын табады. Бұл – ең алдымен, төл шежіремізді тұтас тану және оны жұрт жадында жаңғырту деген сөз. Тарих – ұлттың темірқазығы, халқымыздың баға жетпес қазынасы. Оны жалған намыс пен данғаза мақтан үшін бұрмалау жақсылық емелмейді.

Жігерімізді жасытып, кешегі күнге өкпе арта берсек, өскелең ұрпаққа кандай тәрбие береміз?! Біздің төл тарихымыз – қазіргі және келешек ұрпақтар мақтан тұтарлық бірегей жылнама. Себебі, қазақ халқы – сан түрлі сынақтан, небір нәубеттен аман өтіп, қайсарлығын да, қаһармандығын да паш еткен халық. Санасы сергек, ойы азат ұлт өткен күннен сабақ алады, өткен тарихын биікке көтереді және әрдайым алға ұмтылады.

Әсіресе, қазір еліміз жаңа тарихи өрлеу кезеңіне қадам басып жатқан кезде бұл ұстаным айрықша маңызды. Біз жасампаз ұлт ретінде ақиқат пен аңыздың, шыңдық пен өтіріктің ара жігін ажыратып, жағымсыз кеселдерден біржола арылуымыз керек. Кезінде Ұлы Абай айтқан «бес дұшпаннан», әсіресе, өнбейтін даудамайдан, бос сөз бен құр мақтанудан аулақ болғанымыз жөн. Ең алдымен, білім мен ғылымға жүгініп, нақты іспен айналысуымыз қажет. Онсыз әлем өркеніетіне ілесе алмай, көш соңында қалып қоюымыз мүмкін. Бірақ біз бұған жол бермейміз.

Төл тарихымызды тар жол, тайғақ кешсе де, алған бетінен қайтпаған, еңсесін тік ұстап, ел мүддесіне қалтқысыз қызмет еткен тұлғалар жазды. Олар ұлтымыздың көшін алға бастады. Елімізді көркейтеміз десек, осындай ұлт перзенттерінің өмірін, ұстанымдарын үлгі-өнеге етуіміз керек. «Ондай болмақ қайда» деп, қол қусырып отыру – қаһарман жұртымызға тән қасиет емес. Рухы биік, жігері мықты адамдар өз отбасы мен кастерлі Отаны алдындағы жауапкершілікті терең сезінеді, ел игілігі үшін адал еңбек етеді. Өмірде табысты, қоғамда сыйлы болады. Шынайы отаншылдық дегеніміз де – осы.

Құрметті депутаттар! Құрылтай жұмысының басталуы мемлекеттік басқару жүйесіндегі іргелі институционалдық өзгерістерге жол ашады. Себебі Құрылтай билік жүйесін қалыптастыру ісінде маңызды рөл атқарады. Атап айтқанда, Конституциялық сот судьялары, Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатаның мүшелері Құрылтайдың келісімімен тағайындалады. Депутаттар Президенттің ұсынуы бойынша Жоғарғы сот судьяларын сайлайды және қызметінен босата алады. Құрылтайға Конституциялық сот пен Жоғарғы сот судьяларын, сондай-ақ, депутаттарды құқықтық имунитеттен айыру құзыреті берілген. Құрылтай Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның республикалық бюджет туралы есептерін бекітеді, Конституциялық соттың жыл сайынғы жолдауын тыңдайды. Бұдан бөлек, депутаттар Үкіметке сенімсіздік білдіруге, Президентке Үкіметтің жеке-леген мүшелерін қызметтен босату туралы ұсыныс білдіруге құқылы.

Бір сөзбен, Құрылтайға атқарушы және сот билігін қалыптастыруға, ел тағдырын айқындайтын стратегиялық маңызы бар мәселелерді шешуге қатысты аса ауқымды құзырет берілді. Біз, осылайша, заң шығарушы органның ықпалын едәуір күшейттік. Бұл – билік тармақтары арасындағы өзара теңгерім жүйесі нығая түседі деген сөз. Жалпы, мемлекеттік және қоғамдық институттарды жүйелі түрде жаңғырту жұмысы жыл соңына дейін жалғасатын болады.

Енді мен Құрылтайдың алдында тұрған бірқатар маңызды міндеттерге тоқталып өтейін.

Бірінші. Жаңа Конституция нормаларын ескере отырып, еліміздің заңнамасына түзетулер енгізу қажет.

Жаңа конституциялық жүйеге өту барысында бұрынғы Парламент негізгі



билік институттарының қызметін қамтамасыз ететін бірқатар маңызды заңдарды қабылдады. Енді Құрылтай әр салаға қатысты заңнаманы мұқият саралап, олардың Конституция қағидаттарына сай болуын қарауы керек.

Екінші. Құрылтай заң шығару үдерісінің тұрақтылығы мен сапасын қамтамасыз етуі керек.

Бұған дейін Сенат Мәжіліс қабылдаған заңдардың Конституцияға сәйкестігін, құқықтық тұрғыдан дұрыстығын, нормалардың өзара үйлесімділігін тексеріп отырды. Бұл жұмысты жандандыру қажет.

Заң шығару – аса жауапты жұмыс. Заңдарымыз әділетті, халыққа түсінікті әрі озық, яғни заман талабына сай болуы керек. Себебі заң мемлекеттегі әр азаматтың тағдырына, өміріне әсер етеді. Сондықтан заңның әр нормасы, әр тармағы тыңғылықты қаралып, жан-жақты талқылануы қажет.

Заң шығару қызметінің сапасын арттыру және жемқорлыққа себеп болатын жағдайлардың алдын алу үшін жасанды интеллекттің кеңінен қолдануға болады. Әрине, озық технологиялар кәсіби құқықтық сараптаманы алмастыра алмайды. Алайда технологияны сауатты пайдалану арқылы талдау жұмысының тиімділігін артытуға болады. Депутаттар осы мүмкіндікті ұтымды қолдануы керек.

Қазіргі таңда менің бастамамен «Е-Parliament» ақпараттық жүйесі әзірленіп жатыр. Бұл жүйе түйіктіктерді заң арқылы алдын ала реттеуге мүмкіндік береді. Басты мақсат – цифрлық қызметтерді бір жерге тоғыстыру. Құзырлы органдар депутаттармен бірлесіп, осы платформаны Құрылтай қызметіне тезірек бейімдеуі қажет.

Еліміз үшін аса маңызды заң жобаларын сарапшылармен бірге жан-жақты талқылау керек. Бұл істе қағазбастылық пен салғырттыққа жол беруге болмайды. Құрылтай қоғамдағы өзекті мәселелерге дер кезінде үн қататын жалпымұлттық диалог алаңына айналуы қажет. Депутаттардың қызметі заңдылық, ашықтық, өзара сыйластық, пікір алуандығы қағидаттарына негізделуі тиіс.

Үшінші. Депутаттар бірінші сессияда бірқатар маңызды заңдарды қабылдауы қажет.

Мен осы жылы жасанды интеллектті орта білім беру саласына енгізу, цифрлық активтер индустриясын дамыту, Digital Qazaqstan стратегиясы туралы бірқатар Жарлық шығардым. Үкімет осы бағыттар бойынша жакетті заң жобаларын әзірлеп, Парламентке ұсынады.

Тағы бір мәселе. Біз елімізге кәсіби тұрғыдан жоғары білікті мамандарды, заманауи технологияларды және шетел капиталын көптеп тарту үшін жүйелі шаралар қабылдап жатырмыз. Бұл іске тың серпін беру үшін «Алтын визаны» енгізудің маңызы зор. Сонымен қатар еліміздің көші-қон саясатын жетілдіру керек. Үкімет тиісті заң жобасын Құрылтайға жолдауы керек. Депутаттарымыз оны тезірек қарағаны жөн болар. Биыл Үкімет «Кітапхана және баспа ісі туралы» заң жобасын да әзірлеп, Құрылтайға енгізуі қажет. Бұл – ұлтымыздың зияткерлік әлеуетін нығайту үшін қажетті құжат.

Бұдан бөлек, мен таяуда «Шәмші Қалдаяқов» медалі мен «Қазақстанның еңбек сіңірген жететпшісі» құрметті атағын енгізу жөнінде тапсырма бердім. Бұл мәртебелі марапаттар ұлт мәдениетіне қалтқысыз қызмет етіп, соның ішінде музыка және бейнелеу өнерін дамытуға елеулі үлес қосқан азаматтарға беріледі. Енді осы бастаманың заңнамалық негізін қалыптастыру қажет.

Бұдан бөлек, Құрылтай қос палаталы Парламенттің депутаттары

қарап үлгермеген бірқатар заң жобасын қабылдауға тиіс. Ерекше қажеттілігі бар балаларды жан-жақты қолдау жөніндегі заңға баса назар аудару қажет. Мен осы мәселе жөнінде Ұлттық құрылтайдың Бурабайдағы отырысында айттым. Біз ерекше қажеттілігі бар балаларға көрсетілетін атаулы қолдаудың тиімді жүйесін құруымыз керек. Олардың толыққанды білім алуына жағдай жасау қажет. Әсіресе, медициналық және әлеуметтік қызметтердің сапасын арттыру керек. Осындай балаларға арналған орталықтарды әр облыстың және үлкен аудандардың қалаларында салу қажет. Демеушілер де осы маңызды іс-шараға қатысады деп сенемін. Мемлекет шын мұқтаж жандарға әрдайым қолдау көрсетуі керек. Бұл – мен үшін тұрақты ұстаным.

мемлекеттік қызметшілердің жүріс-тұрысына, мінез-құлқына байланысты екені сөзсіз. Қоғамдық орындарда келенсіз, жөнсіз әрекеттерге жол бермеу қажет. Депутаттар заң қабылдаумен қатар, жаңа қоғамдық этиканы дәріптеуге үлес қосуға тиіс. Бұл да – ұлттық мүддеге тікелей қатысы бар маңызды мәселе.

Жалпы, жұртымыз елдегі реформалардың қаншалықты нәтижелі болғанын, ең алдымен, сіздердің қызметтеріңізге қарап бағалайды. Бұрынғы Парламентпен салыстырғанда, Құрылтайдың құрамында әйелдер мен жастардың үлесі едәуір өсті. Ауқымды өзгерістер мемлекеттік басқару ісіне, әсіресе, жаңа буынның, яғни, жігерлі, отаншыл, еңбеккор жастардың келуіне себепші болды. Әкімдер құрамында,



Жалпы, біз өскелең ұрпақтың қолайлы және, ең бастысы, қауіпсіз ортада өмір сүруі үшін барынша жағдай жасауымыз керек. Осы орайда, Үкімет 16 жасқа толмаған балалардың әлеуметтік желіге тіркелуіне заң арқылы тыйым салуды ұсынып отыр. Бұл мәселеге таяуда өткен Тамыз конференциясында арнайы тоқталып өттім. Мұндай шара әлемнің көптеген елінде қабылданып жатыр. Мен мұны қолдаймын. Осы жұмысқа баса назар аудару қажет деп санаймын. Бірақ тиісті заңды қабылдасақ, оны толығымен жүзеге асыру мәселесін ойлауымыз керек, себебі, қауқарсыз заң ешкімге қажет емес.

Энергетика саласының технологиялық тұрақтылығын қамтамасыз етуге, баламалы энергия көздерін дамытуға мүмкіндік беретін заң жобаларын да тездетіп қарастыру маңызды. Сондай-ақ онлайн-платформалар мен масса-медиа мәселесіне қатысты заңдарға айрықша назар аудару керек. Ақпарат кеністігінде азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қосымша шаралар қабылдау қажет.

Түптеп келгенде, Құрылтай еліміздің заңнамаларын заман талабына сай жаңғыртуы керек. Ұлттық мүддені, жұртшылықты толғандыратын мәселелерді және қазіргі әлемдік үрдістерді ескере отырып, бұл жұмысты жедел әрі сапалы атқарған жөн.

Біз қазір қоғамда жаңа құндылықтарды орнықтырып жатырмыз. Бұл – күрделі, асқан ұқыптылықты талап ететін өте қажетті жұмыс. Жаңа этиканы қалыптастыру ісі ел алдындағы азаматтардың, сондай-ақ

мемлекеттік мекемелерде, бизнесте жас буын өкілдері алдыңғы қатарға шыға бастады. Бұл – біз жүргізген реформалардың аса маңызды нәтижесі. Ашығын айтсақ, институционалдық өзгерістердің түпкі мақсаты да – биліктің барлық тармағындағы кадрларды жаңарту, яғни саясатқа жанашыл, жасампаз адамдарды әкелу. Қазіргі заманда жаттанды шешім, ескірген көзқарас, жалаң популизм ешкімге керек емес.

Бізге жауапкершіліктен қашпайтын, батыл, белсенді, білімді басшылар, нақты өзгеріс жасай білетін азаматтар қажет. Келер ұрпақ кейбір кемшілігімізге түсіністікпен қарайтын да шығар. Себебі жұмыс қателіксіз болмайды. Бірақ біз реформаларды аяғына дейін жеткізбей, Әділетті Қазақстанды құру жолындағы тарихи мүмкіндікті мүлті жіберсек, олар бізді ешқашан кешірмейді.

Қазіргідей көз ілеспес жылдамдықпен өзгеріп жатқан заманда бейқам, жасықкөрі жауапсыз болсақ, тығырыққа тап боламыз. Еліміздің ертеңі әрбір депутаттың ынта-ықыласына, қажыр-қайратына және отаншылдығына байланысты екені сөзсіз. Сіздер – түрлі қызметте табысқа жетіп, мол тәжірибе жинаған білікті мамансыздар. Өздеріңізді жауапты, жұртқа жанашыр, бастамашыл азамат ретінде танытып келесіздер. Енді осы тәжірибені ел игілігіне жатаып, Қазақстанды дамыту үшін табанды еңбек етесіздер деп сенемін.

Құрметті депутаттар! Құрылтайдың бірінші шақырылымы – ел дамуының жаңа белесі.

Халық сіздерге зор сенім артып отыр. Енді сол сенімді ақтап, қоғамға пайдасы тиетін шаруамен айналысу қажет. Әрбір шешім елдің тағдырына, мемлекеттің болашағына тікелей ықпал етеді. Сондықтан әр қадам байыппен жасалуға тиіс. Жеке бастың мүддесі емес, елдің мүддесі басты орында тұруы керек.

Құрылтай мемлекет пен халықтың арасында дәнекер болып, ұлтымызды ортақ іске ұйыстыруы қажет. Қазақстан парламентаризмін дамытуға елеулі еңбек сіңірген заңғар жазушы Әбіш Кекілбаевтың «Ең басты игілік – бірлік» деген тамаша сөзі бар. Шын мәнінде, біз ырысты ынтымағымыздың арқасында мемлекеттігіміздің тұғырын нығайтып, нық сеніммен алға қадам басып келеміз. Береке бірлік бар жерге ғана тұрақтайды. Ауызбіршілігімізді сақтай білсек, әлі талай белесті бағындырамыз. Барлық мақсат-мұратымызға жетеміз. Мен бұған кәміл сенемін.

Қадірлі қауым! Жоғарыда атап өттім, жаңа Конституцияға сәйкес билік институттарын жасақтау жұмысын бастау үшін біз бірқатар рәсімді өткізуіміз керек. Ең алдымен, Құрылтайдың басшылық құрамын сайлап, құрылымын қалыптастыру қажет. Өздеріңізге мәлім, Конституцияның 57-бабына сәйкес, Құрылтай Төрағасының лауазымына кандидатураны Президент ұсынады.

Мен жауапкершілігі зор бұл лауазымға Айбек Арқабайұлы Дәдебайын кандидатуранын ұсынамын.

Сіздер бұл тұлғаны жақсы білесіздер. Ол мемлекеттік басқару жүйесінде көп жыл қызмет етті. Тәжірибесі мол деп айтуға болады. Өзінің білімді, отаншыл, адал азамат екенін нақты істерімен дәлелдеді. Сондықтан оны осы лауазымға лайық деп санаймын. Құрылтай депутаттарынан Айбек Арқабайұлы Дәдебайын кандидатуранын қолдауды сұраймын.

Ата заңға сәйкес, Үкімет жаңадан сайланған Құрылтай алдында өз өкілеттігін тоқтатады. Сондықтан Құрылтайдың құрылымы жасаталған соң мен өздеріңізге Вице-Президенттің

БІЛІМ: БҮГІНГІ ЖЕТІСТІКПЕН ШЕКТЕЛУГЕ БОЛМАЙДЫ

Облыс әкімі марапат иелеріне Сыр халқының атынан құттықтау лебіз білдірді. Бұдан әрі қарай білім беру ісінде еселі еңбек етіп жүрген ұстаздар «Құрмет» орденімен, «Ерен еңбегі үшін», «Шапағат» медалімен, «Қазақстанның Еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағымен, Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен, «Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін» медалімен, облыс әкімінің Алғыс хатымен, Оқу-ағарту министрлігінің «Еңбек ардагері», «Ыбырай Алтынсарин» медалімен, «Білім беру саласының үздігі» төсбелгісімен, «Орта білім беру ісінің

үздігі» құрмет дипломы, Құрмет грамотасы, министрдің Алғыс хатымен марапатталды.

Жиында облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов, ҚРОқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының орынбасары Жәмила Есанова, ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің кеңесшісі Руслан Емелбаев, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің басқарма төрағасы – ректоры, облыстық қоғамдық кеңес төрағасы Наурызбай Байқадамов, №10 Білім-инновация лицей-интернатының мұғалімі Нағиша Есбосын, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департамент басшысы Ерлеген Мендалиев баяндама жасады.

Облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов аймақтың білім беру жүйесі кейінгі жылдары тұрақты даму жолына түскенін атап өтті.

– Аймақта 651 мектепке дейінгі ұйым, 327 мектеп, 28 колледж, 63 қосымша және 23 арнайы білім беру ұйымдары бар. Облыс әкімдігінің қолдауымен бүгінде білім саласында тың бастамалар мен жарқын жобалар жүзеге асырылуда. Нәтижесінде аймақтың білім көрсеткіші үш жыл қатарынан үздік деп танылды. Сондай-ақ бұл – аймақ ұстаздарының шәкірт тәрбиелеудегі шынайы шығармашылық ізденіспен еткен еңбегінің жемісі, – деді ол.

Жуырда Астана қаласында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының қатысуымен өткен ұстаздардың респуб-

ликалық тамыз конференциясында Жалағаш ауданы Әл Фараби атындағы №201 мектеп-лицейінің мұғалімі Айгүл Шілдебаева «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағымен марапатталды. Сондай-ақ үздік шәкірт тәрбиелеп, Президент қабылдауында болған №9 «Білім-инновация» лицейінің информатика пәнінің мұғалімі Батыр Жарқын «Шапағат» медалін иеленген еді.

«Орта білім беретін үздік ұйым» грантына Жанақорған ауданындағы білім бөлімінің № 286 мектеп-лицей лайық деп танылды.

Айта кетейік, Мемлекет басшысының, Үкіметтің ерекше қолдауымен 2022 жылдан бері 121 млрд теңгеден астам қаржыға 46 заманауи білім беру нысаны

салынды. Аймағымызда көп жылдардан бері өзекті болған үш ауысымды мектептер мәселесі толық шешілді.

Биыл «АI-Керім» балалар білім беру-сауықтыру орталығы пайдалануға берілді. Орталық жыл сайын 8400 баланы қамтып, робототехника, бағдарламалау, инженерлік жобалау және баска да заманауи дағдыларды үйретуде. Ботаникалық білім беру орталығы да іске қосылды. Мұнда оқушылар биология, экология және ботаника бағыттарын тәжірибе жүзінде меңгеруде. Сондай-ақ Сыр түлектеріне «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы, Оқушылар үйі қызмет көрсетеді.

Ғазиза ӘБІЛД, «Сыр бойы»

ҚҰРЫЛЫС АЛАҢДАРЫНДАҒЫ ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС



Қызылордада бірнеше әлеуметтік нысан, тұрғын үй құрылысы қарқынды жүргізіліп жатқаны белгілі. Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев осы нысандарды аралап, алдымен «Еңбек» саяжайы аумағына түсетін тоғыз қабатты 22 тұрғын үйдің құрылыс алаңына барды. Мұнда 1936 пәтері бар заманауи тұрғын үй кешені бой көтереді. Жобаны жүзеге асыруға 44 млрд 718 млн теңгеден астам қаржы бөлінген. Бүгінде мердігер мекемелер анықталды.

«Мелиоратор» ЖШС Президент саябағы аумағындағы 8,2 гектарға тоғыз қабатты 15 тұрғын үй кешенін, жайлы әрі сапалы баспана салуда. Жақын арада 945 пәтер пайдалануға беріледі.

Аймақ басшысы осы аумақтағы Президенттік кітапхана мен драма театрдың құрылысын көрді. Кітапхана құрылысына инвестор қаражаты есебінен 20 млрд теңге бөлінген. Жалпы аумағы 13 мың шаршы метр болатын ғимаратта электронды оқу және конференция

залдары, архив, баспахана, бағдарламалау және жасанды интеллектті дамытуға арналған медиазертхана, подкаст студиясы және оқырмандарға қызмет көрсету бөлімдері орналасады.

Ал драма театрдың жалпы аумағы 18 мың шаршы метрден асады. Онда репетициялық залдар, студиялар, шығармашылық кеңістіктер мен әкімшілік кабинеттер қарастырылған. Заманауи сахналық техника, қуатты дыбыс жүйесі және соңғы үлгідегі жабдықтармен жарақталады.



Одан кейін аймақ басшысы «Қызылорда Арена» көпфункционалды спорт кешенінің құрылысымен танысты. Өткен жылдың шілдесінде басталған нысанның жалпы аумағы 26 мың шаршы метр, 50 метрлік жүзу бассейні, халықаралық жарыстар өткізуге арналған 2500 орындық зал, форумдар мен түрлі жиындарға арналған 300 орындық конференция залы болады. Қазір құрылыстың 85 пайызы аяқталған.

Сол жағалаудағы 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 төсектік көпбейінді аурухана пайдалануға берілген соң тұрғындарға мамандандырылған медициналық көмек көрсету ісі жүйелене түседі.

Аймақ басшысы Титов шағын ауданында салынып жатқан бір ауысымда 400 келушіні қабылдай-

тын №5 қалалық емхананың құрылысын да көрді. Бүгінде үшінші қабаттың монолитті бағандары бетондалуда. Бірінші қабаттың аралық қабырғалары қаланып, ішкі инженерлік желілер тартылып жатыр. Жертөле қабаттының аралық қабырғалары қаланып біткен.

Жанкожа батыр көшесі арқылы өтетін теміржол өткелінің құрылысы аясында екі жолақты өткел, көпір, тіреу қабырғалары, жаяу жүргіншілер жолы және жол жабыны салынады. Бүгінде айналма теміржол жүргізіліп, электр, байланыс, жарық бағаналары, ауызсу, инженерлік желілер көшірілген.

Құрылыс алаңдарындағы жұмысты көріп шыққан соң облыс әкімі жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар берді.



Сурет ашық дереккөзден

КҮРІШКЕ ОРАҚ ТҮСЕР КҮН ЖАҚЫН

Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының мәліметінше, биыл 193,7 мың гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілген. Оның 91,2 мың гектарын дәнді, 75,9 мың гектарын мал азықтық дақылдар алып жатыр. Майлы дақылдарға 9,6 мың гектар, картоп, көкөніс пен бақша өнімдеріне 16,9 мың гектар бөлінген.

Суды үнемдеу мақсатында күріш алқабы былтырғыдан 10,9 мың гектарға қысқартылды. Соған қарамастан, күріш 70,1 мың гектар жерге орналастырылды. Егісті әртараптандыру жұмыстары да назардан тыс қалған жоқ. Мақсары алқабы 9 мың гектарға таяса, жаңа жоңышқа 24 мың гектардан асты. Жаздық бидай 4,4 мың гектарға, жаздық арпа 400 гектардан астам жерге егілді. Дәндік жүгері алқабы 10,6 мың гектарға жетіп, межеленген жоспар толық орындалды. Қант құмайы, судан шөбі, сүрлемдік жүгері, соя, күнбағыс, тары және малазықтық асқабақ жиынтығында 3 мың гектарға жуық жерді қамтыды.

Өңірдің көкөніс пен бақша өнімдеріне бөлген алқабы да аз емес. Көкөніс 6,8 мың, бақша дақылдары 8,8 мың гектарға орналастырылды. Бұған 1,4 мың гектар картоп алқабын қоссақ, халықтың күнделікті дастарқанына қажетті өнімдер 17 мың гектарға жуық жерде өсіріліп жатыр.

Күріш алқаптарындағы негізгі агротехникалық жұмыстар аяқталуға жақын. Егістіктің 60 мың гектарға жуығы үстеп қоректендіріліп, 62,3 мың гектары арамшөптерге қарсы өңделді. Бұл – күріш алқабының басым бөлігі қажетті күтіммен өтті деген сөз. Қазір әр жүз гектар күріштің шамамен 75 гектары балауызданып пісу кезеңіне жеткен. Нақты көлемі – 52,8 мың гектар. Тағы 14,3 мың гектар немесе егістіктің бестен бірі сүттеніп пісіп жатыр. Гүлдену кезінде қалған алқаптың үлесі төрт пайыздан асқасалды. Күріш орағы қарсаңында 39,8 мың гектардың суы байланды. Осылайша, жалпы алқаптың 57 пайызға жуығы жиын-терімге дайындаудың келесі кезеңіне көшті. Бидай мен суық орағы толық аяқталды. Күздік және жаздық бидайдан 11,4 мың тоннаға жуық өнім жиналды. Күздік бидайдың әр гектарынан орта есеппен 15,2 центнерден өнім алынаса, жаздық бидайдың түсімі 9,1 центнерден айналды.

Сұлы өнімі 69 тоннаны құрады. Оның гектар берекелігі орта есеппен 13,8 центнерге жетті. Қазір шаруалар көкөніс, бақша және баска да дақылдарды жинауға кіріскен. Мал азығын дайындау жұмыстары да жоспарға сай жүріп жатыр. Шаруашылықтар күтімге алған 49 мың гектар ескі жоңышқаның 2,4 мың гектары тұқымға қалдырылды. Қалған 46,6 мың гектар алқаптан үш орымда 235,6 мың тонна шөп дайындалды. Бұл әр гектардан орта есеппен бес тоннадан астам мал азығы жиналғанын көрсетеді.

Дала жұмыстарына жұмылдырылатын төрт мыңға жуық ауыл шаруашылығы техникасы жөндеуден өткізіліп, мұқымға сақадан сай тұр. Шаруашылықтар көктемгі егіс пен күзгі жиын-терімге 20,3 мың тонна арзандатылған дизель отынын сұратқан. Оның тең жартысы көктемгі жұмыстарға жұмсалса, қалған бөлігі күзгі науқанға бағытталады. Шілде мен тамыз айларына бөлінген 5,6 мың тонна дизель отынына келісімшарт жасалды. Оның 2,3 мың тоннасының қаржысы төленіп, 2 мың тоннасы облысқа жеткізілді. Шаруашылықтарға ұсынылатын арзандатылған отынның бір литрі 283-284 теңгеден белгіленген.

Сыр даласы қазір жыл бойғы еңбектің өтеуі көрінетін шешуші кезеңге аяқ басты. Сарғайған бидай алқаптары орылып, ұшы-қиырына көз жетпейтін күріш теңіз күн сайын толыса түсуде. Дала төсіндегі мыңдаған дикан мен төрт мыңға жуық техника енді күзгі науқанның ең жауапты бөлігіне кіріспек. Биылғы нәтиже жиналған өніммен ғана емес, суды үнемдеу, егісті әртараптандыру және әр сүйем жерді ұтымды игеру ісімен де өлшенеді. Әр масақ пен әрбір күріш дәнінің артында айларға созылған тынымсыз еңбек жатыр. Енді сол еңбектің жемісі қамбаға құйылып, Сыр өңірінің күзгі берекесіне айналмақ.

1-бет

Бағлан АМАНЖОЛ, «Сыр бойы»

ТАЗАЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ КҮН ТӘРТІБІНЕН ТҮСПЕЙДІ

Облыс әкімінің тапсырмасымен 24-25 тамыз күндері қала аумағындағы санитарлық тазалыққа, тұрғын үй аулапары мен ойын алаңдарының жай-күйіне, сондай-ақ абаттандыру жұмыстарына зерделеу жүргізіліп, кемшіліктер анықталған.

Аймақ басшысы Мұрат Ерғешбаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте Қызылорда қаласының санитарлық тазалығына қатысты мәселелер талқыланды.

Мұрат Нәлкожаұлы бірқатар ескерту айтып, жауапты сала басшыларына нақты міндеттер жүктелді.

– Қала әкімдігі жауапты мекеме басшыларымен бірлесіп, кемшіліктерді тез арада жойып, қалпына келтіруі керек.

Тағы бір өзекті мәселе – тұрғындардан «109» бірыңғай байланыс орталығына келіп түсетін шағымдар. Олардың басым бөлігі тазалықпен қауіпсіздікке қатысты. Бұл мәселелерді шешудің нақты жолдарын қарастырыңыздар.

Бұған дейін қала аумағының санитарлық тазалығын күнделікті бақылау үшін арнайы секторлық бөлініс жасалып, әр секторға облыс әкімінің және қала әкімінің орынбасарлары жауапты болып бекітілген. Осы бөлініске сәйкес өздеріңізге бекітілген аумақтарды тұрақты аралап, жағдайды қатаң бақылауда ұстаңыздар.

Өткен Үкімет отырысынан кейінгі жиында Астана қаласы әкімдігінің қалалық инфрақұрылым және тіршілікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының қызметін зерделеп, бірыңғай алгоритм қалыптастыруды тапсырған болатынмын. Осы тапсырма аясында жүйелі жұмысты қолға алыңыздар, – деді облыс әкімі.

ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

Жылу беру маусымы – аса жауапты кезең. Оған дайындық барысы ұдайы бақылауда болуы керек. Осы ретте облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев қаладағы бірқатар нысанды аралады.

Алдымен Мемлекет басшысының қолдауымен салынған жаңа жылу-электр орталығына барды. 240 МВт электр және 277 Гкал жылу энергиясын өндіретін жаңа орталық құрылысына туркиялық «Aksa Energy» компаниясы 215 млрд теңге инвестиция салған.

Жоба аясында қуаты 185 МВт болатын 3 газтурбиналық қондырғы, 55 МВт бу турбинасы, сағатына 127 тонна бу өндіретін 3 қазандық және қуаты 150 Гкал/сағ болатын 2 су жылыту қазандығы орнатылды.

Бүгінде орталық толық іске қосылып, 240 МВт электр энергиясы өндіріледі. Сонымен қатар 4 су жылыту қазандығы іске қосылды. Алдағы жылу беру маусымында қала

тұрғындары жаңа станция арқылы жылумен қамтамасыз етіледі.

Сондай-ақ облыс әкімі «Олжас-2005» ЖШС көмір тасымалдаушы операторының қорын көрді. Қазір 6,5 мың тонна қатты отын жеткізілген. Қоймада 2 мың тонна бар, 7 вагон көмір тасымалдануда.

Бұдан кейін аймақ басшысы Қ.Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназиясында жүргізілген ағымдағы жөндеу жұмыстарын көрді. Мектептің спорт залына, кіші зал және киім ауыстыру бөлмелеріне жөндеу жасалған. Сондай-ақ, облыстық аурухананың дайындығы да тексерілді.

Араландан соң жауапты сала басшыларына жылу беру маусымына дайындықты қатаң бақылауда ұстау тапсырылды.

СЫРДАРИЯ ӨЗЕНІНЕ ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕР КӨПІРІ САЛЫНАДЫ

– Жаңа көпір құрылысын тәжірибесі мол «Әлем Құрылыс» компаниясы жүргізеді. Ұзындығы – 319,4 метр, ені – 12 метр, жалпы құны 13 млрд теңгеге жуықтайды. Ені 3 метр жаяу жүргіншілер жолы және көпір бойында әрқайсысының ені бір жарым метр болатын екі велосжолқ салынады.

Биыл Қызылорда қаласының жол-көлік инфрақұрылымын дамыту үшін 38 млрд теңгенің 23 жобасы іске асырылуда, 71 көше күрделі жөндеуден, қайта жаңғыртудан өтіп жатыр. Мәселен, «Бөйтерек» тұрғын ауданындағы онтүстік магистральды канал арқылы өтетін жаңа көпір құрылысы толық біткенде, көлік қатынасы реттеледі. Торайғыров көшесінен «Қызылорда-Құмкөл» автожолына дейінгі Сағымбаев көшесіндегі қайта жаңғырту жұмыстары да аяқталуға жақын. Осылайша, жаңа көпір мен жаңартылған Сағымбаев көшесі «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық дәлізі мен Астана

қаласынан келетін жолды түйістіретін үлкен әрі заманауи қақпаға айналады.

Бұдан бөлек, Назарбаев даңғылы мен негізгі көшелер қайта жаңғыртылды. Тасбөгет кентіндегі Иманов, Бозгүл-1, Наурыз, Есенов көшелері кеңейді.

Бұл игіліктер Президентіміз бен Үкіметтің қолдауының арқасында жүзеге асуда. Баршаңыздың ел дамуы, тұрғындарымыздың жайлы тұрмысы мен өскелең ұрпақтың жарқын болашағы жолындағы өрелі жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін! – деді Мұрат Нәлкожаұлы.

Шарада облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев сөз сөйлеп, құрылыстың қапсуласы салынды.

Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында Президент саябағы жаңа кейіпке енді. Осы аумаққа келушілердің қауіпсіздігі мен жайлылығы үшін автожол және автотұрақ салынды.

Сырдария өзенінің қорғаныс бөгеттерін нығайту жұмыстары да қарқын алды. Дария

жағалауына екі жолақты жаяу жүргінші және велосипед жолдары түсуде.

Бұдан бөлек, жыл бойы үздіксіз қызмет көрсететін «Ай-Керім» оқу-сауықтыру орталығы ашылып, жерлестеріміздің қуанышы еселенді. Лагерь жанынан Ботаникалық бақ пайдалануға берілді. Бақ жасыл желектің бірегей түрлері өсетін, экологиялық мәдениеттің, білім берудің және ішкі туризмнің дамуына қызмет ететін, аймақ тұрғындары мен қонақтары жиі бас қосатын орынға айналды.

Саябақты жалғайтын тоғыз қабатты 15 тұрғын үй кешені жақын арада пайдалануға беріледі. Тұрғын үй кешенінің жанынан бес жұлдызды және «Ибис» қонақүйлері, 200 орындық перинаталдық орталық бой көтеріп келеді.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Президенттік кітапхана мен драма театрдың іргетасы қаланып, құрылысы жүргізілуде.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

1-бет

ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК: көрінбейтін қорған, маңызды міндет

Ветеринария тек төрт түлікті емдеумен ғана айналыспайды,бүкіл қоғамның денсаулығы мен қауіпсіздігін қорғауға қызмет етеді. «Медицина адамды емдесе, ветеринария адамзатты емдейді» деген сөздің мағынасы терең. Етің, сүтін күнделікті тұтынатын жануарлардың денсаулығын сақтау, қауіпсіз азық-түлік өндіру және жұқпалы аурулардың алдын алу арқылы ветеринария адамзаттың әл-ауқаты мен болашағына ықпал етеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың мал шаруашылығының тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін сапалы ветеринариялық қауіпсіздік жүйесін қалыптастыру тапсырмасына сәйкес Үкімет 2026-2030 жылдарға арналған ветеринарияны дамытудың көшенді жоспарын бекіткен. Көшенді жоспар халық денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғауға, сондай-ақ жануарларды аурулардан сақтау мен ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған.

Қызылорда облысы қуаншылық аймақта орналасқан, негізгі аумағын Қызылқұм, Қарақұм, Арысқұм массивтері алып жатыр. Ауа райы өте континенталды, жазы ыстық (40-45°С), қысы суық (20-32°С). Өзіндік маусымдық аурулардың алдын алу үшін қажетті ветеринариялық препараттар толық алынып, тиісті шаралар жүргізіледі.

Эпизоотиялық тұрақтылықты сақтау үшін осы жылы 13 түрлі ауруға қарсы егу республикалық бюджет есебінен тегін жүргізіледі. Құтыру, аусыл, лептоспироз, листериоз, пастереллез, Сібір жарасы, нодулярлы дерматит, құл, қарасан, оба, вирусты диарея және инфекциялық рино-трахеитке қарсы егіледі, эхинококкоз, туберкулез ауруы тексеріледі. Осыған қосымша, жергілікті бюджет қаражаты есебінен (тегін) жануарлардың энзоотиялық аурулары тейлеріоз (өттеу), пироплазмоз, фасциолез, сақау, гастропилез, трипаносомоз ауруларына бекітілген жоспар бойынша алдын ала егу іс-шаралары жүргізіледі. Аса қауіпті аурулардың ветеринариялық диагнос-тикалық іс-шаралар жоспарына сәйкес брүцеллезге қарсы ірі қара және уақ мал тексеріліп, ауру анықталған жануарлар, ветеринариялық-санитариялық ережеге сәйкес санитарлық сойылып, өндірістік өңдеуге өткізілді, егелеріне өтемақы төленді.

Біздің салада ауыл шаруашылығы жануарларын бірйелендіру дерек-қор жүйесі (АИШЖБ) жұмыс жасайды. «Ветеринария туралы» заңға сәйкес аурудың профилактикасы мен диагнос-тикасы жөніндегі ветеринариялық іс-шаралардың жүзеге асырылуын бақылау және қадағалау мақсатында төрт түлік мал міндетті сәйкестендіруге (сығалау, танбалау) жатады. Занның 25-бабында жеке және заңды тұлғалардың міндеттері нақтыланған. Сондықтан ветеринариялық қауіпсіздікті сақтағанымыз өзімізді сақтағанымыз екенін әрқашан есте ұстағанымыз жөн.

Бүгінде ветеринариялық саланы цифрландыруда мал иелеріне арналған «Торт түлік» мобильді қосымшасы қолданысқа енгізілді. Қосымша арқылы вете-

ринариялық төлқұжат алу, малды сату және сатып алу, сойылғанын есептен шығару, деректерді түзету бойынша өтінімдер бере алады.

Жергілікті жерде ветеринариялық нысандармен қамтамасыз етуге республикалық бюджеттен облысқа 2026-2027 жылдарға 3,5 млрд теңге қаражат қарастырылған. Осы қаржыға тіптік жобадары 145, биыл 73, алдағы жылға 72 мал қорымын салу жоспарланған.

Облыс көлеміндегі 10 ішкі сауда нүктесіне бақылау орнатылып, инспек-цияға қарасты 6 ветеринариялық-сани-тариялық инспектор бекітілген. Сауда базарларында өнім сапасын 19 ветери-нариялық-санитариялық сараптама зерт-ханасы тексереді.

Облыс аумағында 20 мал сою пунк-ті, 5 мал сою алаңы тіркелген. Жыл ба-сынан жұмыс жасап тұрған мал сою ны-сандарында 4032 бас ірі қара, 2609 бас уақ мал, 4007 бас жылқы, 206 бас түйе, барлығы 10854 бас мал сойылған. Үш мал базарында 6720 бас ірі қара, 9184 бас уақ мал, 5028 бас жылқы, барлығы 20932 бас саудаға түскен. Ішкі сауда ны-сандарында (базарларда) 3435 ірі қара, 3783 жылқы, 128 түйе, 1844 уақ мал, 73 шошқа, барлығы 9263 бас ет ұшасы вете-ринариялық-санитарлық сараптамадан өткізіліп, сатылымға рұқсат етілген.

Халықаралық ереже бойынша вете-ринариялық талапқа сай келетін кәсіп-орындар мен шаруашылықтарға ғана тұлғаларын экспорттауға рұқсат етіледі. Облыста Еуразиялық Экономикалық Одақ реестріне 54, Еуропалық Одақ реестріне 5, Қытай Халық Республикасының реестріне 6, Өзбекстан Республикасының реестріне 1 кәсіпорын енгізілген. Өзбек-стан реестріне 1 кәсіпорынды енгізуге ұсыныс берілген.

Алыс-жақын шетелдерге 2050 тон-на балық және балық өнімдері, Өзбек-стан Республикасына 644 бас уақ мал экспортталып отыр. Ираннан сүт, Ресей Федерациясынан балық және балық өнім-дері импортталған.

Инспекция заң талаптарын бұзғандар-ға әкімшілік-құқықбұзушылық бойынша 335 әкімшілік шара қолданған, 14013000



теңге көлемінде 326 айыппұл салынып, 9 әкімшілік ескерту, 108 нұсқама беріл-ген. Қызылорда облыстық полиция де-партаменті «Облыс аумағында мал ұр-лығының алдын алу жөніндегі 2025-2026 жылдарға арналған бірлескен іс-шаралар жоспарын» бекітіп, бақылау жұмыстары тұрақты жүргізілген, биыл 306 рейдтік шара бірлесіп ұйымдастырылған.

Инспекция 3 түрлі мемлекеттік қыз-мет көрсетеді. Жыл басынан 319, атап айтқанда, 183 экспорттау кезінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объек-тлерге ветеринариялық сертификат, 79 мемлекеттік ветеринариялық-санитария-лық бақылау және қадағалау объектіле-ріне ветеринариялық-санитариялық қоры-тынды беру, 57 жануар өсіруді, олардан алынатын өнім мен шикізатты дайындау-ды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объек-тлеріне, сондай-ақ ветеринариялық препа-раттарды, жемшоп пен жемшоп қоспапа-рын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмір берілді.

Сауда базарларына келіп түсетін ет ұшаларын бақылауды цифрландыру мақ-сатында Ауыл шаруашылығы министр-лігі «Етті ветеринариялық-санитариялық сараптау» модулін іске қосуда. Бұл мо-дульдің тиімділігі жоғарыдағы процестер жүйе арқылы жүргізіліп, ет сатушыларда QR-кодпен сараптама әктісі болады.

Жалпы ветеринариялық талаптарды бұзғаны үшін жеке және заңды тұлғаларға инспекция Әкімшілік құқықбұзушылық кодексінің 406-бабы бойынша әкімшілік шара көреді.

Е.А.ПЕТОВ,
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрілігі Ветеринариялық
бақылау және қадағалау комитетінің
Қызылорда облыстық аумақтық
инспекциясының басшысы

Конституциялық реформалар және әділ салық саясаты

Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы 2026 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне еніп, мемлекеттік саяси жүйесін жаңғыр-туға, адам құқықтарын қорғауды күшейтуге және қоғам мен билік арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған тарихи Ата Заңымыз.

Конституция мемлекеттік бас-қару жүйесін заман талабына сай икемді етуге жол ашты. Қоғамдағы әділдік пен заңның үстемдігін қам-тамасыз етуге арналған негізгі те-тіктерді бекітті.

Негізгі жаңашылдықтардың бі-рі – мемлекеттік билік тармақтары арасындағы өкілеттіктерді қайта бөлу, бұл әрине тепе-теңдік жүйе-сін неғұрлым үйлесімді қалыптаст-тыруға сондай-ақ атқарушы би-ліктің жауапкершілігін арттыруға бағытталған. Сондай-ақ Консти-туцияның жаңа мәтіні адамға ба-ғытталған: онда адамның қадір-қасиетін қорғау, әлеуметтік

құқықтар, заң алдындағы теңдік, сот арқылы қорғалу және жеке ба-сының қол сұғылмаушылығы ту-ралы ережелер күшейтілген. Бұл, әрине, әлеуметтік және құқықтық мемлекет құрудың заманауи тәсілі. Сонымен қатар, кез келген да-мыған мемлекеттің іргетасы – оның қаржылық тәуелсіздігі мен азаматтардың жоғары жауапкершілігі. Салық төлеу – тек міндетті орындау емес, бұл еліміздің қауіпсіздігі мен болашақ ұрпақтың жарқын бола-шағы.

Конституцияның 38-бабына сай, заңды түрде белгіленген салықтар-

ды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу – әр адамның бо-рышы мен міндеті.

Бұл норма – жай ғана заң тала-бы емес, ел тұрақтылығы мен мем-лекеттің дамуын қамтамасыз ететін негізгі конституциялық қағида. Бү-гінгі күні салықтық мәдинетті қал-пыптастыру – заман талабы. Салық міндеттемесіне адал қарау, мемле-кетке деген сенімді арттырып қана қоймай, әрбір азаматтың өз елінің ертеңіне қосқан үлесі болып табы-лады. Түскен салықтың ашықтығы мен тиімді жұмсалуды – мықты эконо-миканың, ал салықты уақытылы төлеу – жауапты қоғам белгісі.

Қызылорда облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер
департаменті

Хабарландыру

«Қуатамлонмұнай» БК ЖШС келесі жоба бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды: «Қоныс кен орнында жобалық тереңдігі 1350 м болатын К-747 және К-748 бағалау ұңғымаларын салуға арналған топтық техникалық жобаға» «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі және оған қоса Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары.

Ұңғымалардың географиялық координаттары: К-747 ұңғымасы: 45°57'03" 846N, 65°10'43" 760E; К-748 ұңғымасы: 45°52'51" 889N, 65°09'13" 441E.

Қоғамдық тыңдаулардың өткізілетін жері: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренөзек кенті, Қонаев көшесі 8, Теренөзек ауданын Мәдениет үйі.

Өткізілетін күні мен уақыты: 2026 жылдың 5 ка-заны, сағат 10:30.

Онлайн қосылымға белсенді сілтеме:https://us04web.zoom.us/j/2963786453?pwd=HEa4zsgJ0mpmKuNKCTzwTObgj2aJLl.1&omn=76841904873

Конференция идентификаторы: 296 378 6453 Кіру коды: j25Yc0

Бастамашы, жобаға тапсырыс беруші: «ҚУАТ-АМЛОНМУНАЙ» БК ЖШС, БСН 941040001055, А.Иманов көшесі, №108Г.

Жобаны әзірлеуші: «Жобалау институты «ОРТИ-МУМ» ЖШС, БСН 000740000123, телефон: +77292 544 050, электрондық пошта: ncherepanova@opm.kz.

Жобалық құжаттар топтамасымен www.ndbecology.gov.kz сайтында, сондай-ақ Қызылорда облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/?lang=ru сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және (немесе) ұсыныстар www.ndbecology.gov.kz бірінғай экологиялық порталда, сондай-ақ жергілікті атқарушы органның электрондық мекенжайлары: prd@vmail.kz, a.koszhanova@vmail.kz, prd@korda.gov.kz арқылы қабылданады.

Объявление

ТОО СП «КУАТАМЛОНМУНАЙ» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по следующему проекту: Раздел «Охрана окружающей среды» к «Групповому техническому проекту на строительство оценочных скважин К-747 и К-748 проектной глубиной 1350 м на месторождении Қоныс» и План мероприятий по охране окружающей среды к нему.

Географические координаты скважин: Скважина №К-747: 45°57'03" 846N, 65°10'43" 760E; Скважина №К-748: 45°52'51" 889N, 65°09'13" 441E.

Место проведения общественных слушаний: Кызылординская область, Сырдарынский район, пос.Теренөзек, ул.Кунаева 8, Дом Культуры Поселка Теренөзек.

Дата и время проведения: 5 октября 2026 года в 10:30 ч.

Активная ссылка на онлайн подключение: https://us04web.zoom.us/j/2963786453?pwd=HEa4zsgJ0mpmKuNKCTzwTObgj2aJLl.1&omn=76841904873

Идентификатор конференции: 296 378 6453 Код доступа: j25Yc0

Инициатор, начемающий деятельность Заказчик проекта: ТОО СП «КУАТАМЛОНМУНАЙ», БИН 941040001055, ул.А. Иманов, №108Г.

Разработчик проекта: ТОО «Проектный институт «ОРТИМУМ», БИН 000740000123, телефон: +77292 544 050, эл.почта: ncherepanova@opm.kz.

С пакетом проектной документации можно ознако-миться на сайте www.ndbecology.gov.kz., а также на сайте Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области: https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/?lang=ru

Все замечания и (или) предложения размещены на едином экологическом портале www.ndbecology.gov.kz., а также по электронному адресу МИО: prd@vmail.kz, a.koszhanova@vmail.kz, prd@korda.gov.kz тел.: 8 (7242) 60-53-69.

ТАҒЫМ

«Өмірдің заңы қатал, уақыттың ағымы жүйрік» деген рас екен-ау... Кеше ғана ортамызда жарқырап жүрген, біздің әулетіміздің үкілеген үміті, қарашаңырағымыздың берекесі болған аяулы келініміз Меңдіғарақызы Айгүлжанды сағынышпен еске аламыз. Айгүл келінім біздің әулеттің босағасын аттаған күннен бастап өзінің ибалығымен, кішіпейілдігімен және еңбекқорлығымен баршамыздың жүрегімізден орын алды. Өмірдің қысқалығы-ай, ақжарқын күлкісімен баурап, жылы сөздерімен демеу болып жүргені кеше ғана сияқты еді... Сағынышқа айналған Айгүліміздің мезгілсіз қазасы қабырғамызды қайыстырып, ортамыздағы орнының ойсырап қалғанына қырық күн толып отыр екен.



АҚ ПЕЙІЛДІ АЯУЛЫ ЖАН

Айгүл туралы тоқтаусыз көп айтуға болады, ата-енесіне қамқор, жарына адал, балаларына ардақты ана болды. Ардақты жанның жарқын бейнесі жүрегімізде, өмір жолы жадымызда, ақыл-кеңесі өмір-лік темірқазығымызға айналды.

Айгүлжан туралы әңгімені ата-анасына ризашылық білдіруден бастасам. Ол 1976 жылы 22 наурызда Қызылорда қаласында, ұлағатты ұстаз Меңдіғара аға мен қаржырғер Гүлзада апа шаңырағында дүниеге келген. Даналықты бойына жинаған, рухы мықты, әділдікке жаны құ-мар, батыл да ашық мінезді қызына жақсы тәлім-тәрбие берген құдалары-мызға ризамыз. Айгүл болмысы да, жа-ратылысы да ерекше, бөлек жан болды, әрқашан жарқырап күліп жүретін, өзіне баурап алатын ақ пейілмен бізге адал ке-лін еді. Сыр өңіріне танымал Матаевтар әулетінің ардақты келіні, жары Мұстафа-ұлы Талғатпен бірге 2 ұл, 1 қыз өсіріп, 2 немере сүйген аяулы ана, қымбатты әже болды.

Кішіпейілдігімен, асқарқындығымен және ағайын-туыс пен дос-жаранға деген қамқорлығымен ерекшеленген тұлға. Айгүлжан баршамызға өмірдің ғажайып қуатын сыйлай білді, біздің алыс-жақын тұрғанымыз ол үшін маңызды емес еді, көпшіл, асқарқын мінезімен барлық ба-уырдың тілін тауып, сыйластықта жара-сып жүрдік.

Көктемнің шуақты наурыз айында дүниеге келген соң ба, өзі де гүл сияқты әдемі, жан-жағына шуағын, нұрын ша-шып жүретін, айналасының да құлпы-рып, жайнап тұруына ерекше мән беріп отыратын. Ауланың ішін жасыл баққа ай-налдырып, тіршілік иелеріне жан беріп, өзі де уақыт тауып, сан түрлі жеміс ағаш-тары мен әдемі гүлдер егуді жанындай жақсы көретін.

Әкеміз Мұстафа Матайұлы оны жақсы көретін, әулеттегі кіші келінін білімді тұлға ретінде шеберлігі мен талантын жо-ғары бағалайтын. Айгүл біздің әкемізді еске алғанда, «маған үлкен әулетке келін болып, ағайын-туыстармен, отбасындағы үлкен-кішімен жақсы қарым-қатынас ор-натуды үйреткен атам еді, тек ақылшы ата ғана емес, даналықтың иесі ененің де орнын басты, жас кезімде түсінбей қалған мәселелер болып жатса, атам барлығын ерінбей, нақты етіп түсіндіретін» деп үнемі ризашылықпен айтып жүретін.

Әкеміздің қарашаңырағы жеке тұр-ғын үйі көшіп, ауламыздың жасыл бақ-қа айналып, қоғалдануына үлесін қосып, әсемдіктің көрінісін көрсеткен де Айгүл еді. Әкеміз жасы ұлғайса да Айгүлге ағаш өсіруге жалықпай кеңес беріп, жанына демеу болатын. Айгүлжан өзінің еңбек-қорлығымен тал мен гүл егу шаруаларын атқара беретін, шаршағанын білдіртпей, көтеріңкі көңіл-күймен тындырып оты-ратын еді. Атасы екеуі аулаға еккен шиіе ағашын ерекше көретін, бұл шиіе ағашы бұдан былай екеуінің артында қалған бір-біріне деген ұлы құрметі мен шынайы сыйластығының белгісіндей жеміс беріп тұрады.

Быыл Талғат бауырым мен Айгүл келінімің отау құрып, шаңырақ көтерге-ніне 28 жыл болыпты. Әкеміз Матаев Мұстафа Матайұлы үлкен әулеттің көш-басшысы болғандықтан, Талғат пен Ай-гүл қарашаңырақтың түтінін түтеткен иесі болып келеді. Үлкен шаңырақ болу-дың жауапкершілігі зор, әулеттегі бар-лық жауапкершілік пен салмақ осы отба-сының иығына түсетіні белгілі. Киелі Сыр бойы қонақжайлылықтың ерекше дәстүрін сақтаған ел болғандықтан, әке-міздің шаңырағынан бала кезіміден бас-тап ешқашан қонақ арылған емес, бұл дәстүр әлі де жалғасып келеді. Өмірден өткен Ақзия анамыз сияқты Айгүл де үлкен шаңыраққа түскеннен бастап от-басының берекесін келтіріп, анамыз-дың ұлағатты ізгі жолын жалғастырушы болды.Ата-енемен бірге тұрғандықтан, үлкен шаңыраққа әрқашан ағайын-туыс та, қонақ та жиі келетін, үйдің берекесі де осында емес пе?! Біздің Айгүліміз өте адал, ақылды, еңбекқор келін және аяулы жар бола білді. Үйге келген әр қонақтың көңілін тауып, тіл табыса алатын ерекше қасиеті бар. Мінезі де көктемдей жай-дары, ақкөңіл болғандықтан ба, барлық туыстармен, жора-жолдастарымен тез араласып, сіңісіп кететін. Әрине, пенде болған соң бәрі мінсіз болмайды, біреу сыйлап қараса, біреу сынап қарайды, сондай сәттерде бәрін іштей көтеріп, сабыр сақтау үлкен жүректі жанға ғана тән. Ұрпақ тәрбиесіне үлкен мән беріп, балаларының білімді болуына да сүй-ікті бауырымыз Талғат екеуі бірге қанат бітіріп, үлкен еңбек етті. Әрқашан балалардың қасынан табылып, тыныш-тығын күзетіп, бойларына өмірдің дана-

лығын жылылықпен, шексіз махаббатпен дарыта білді.

Айгүлжанның жүрегінің кеңдігі мен жас болса да отбасының, балаларының болашағын ойлаған даналығының арқа-сында Талғат бауырым Мәскеуде оқу оқып, докторлық диссертациясын қорғап, халықаралық ұйымда қызмет атқарды. Сол жылдар әрине, онай болған жоқ, үл-кен үйдің күнделікті таусылмайтын тір-шілігі мен талабы, үзілмейтін қонағы, балалардың тәрбиесі – барлық салмақты бір өзі көтеріп жүрді, үлкен сияқтардан сүрінбей өткен дана келінім еді.

Айгүл келінім: «Әкемнің ерке қызы болғанмын» деп әкесін үнемі сағыныш-пен еске алып жүретін. Оның бала кезі-нен бақытты болып, көзі күлімдеп, айна-ласына тек әдемі ән мен күмістей күлкі сыйлап тұратыны марқұм Меңдіғара ағамыздың (құдамыздың) берген тағы-лымды тәрбиесінің жемісі шығар. Өкі-нішке қарай, ол кісі де өмірден ерте кеткен еді. Бүгінгі заманауи ғалым-пси-хологтар: «балаға жеті жасқа дейін ұрыс-пай, қателерін бетіне басып, тек жақсы қасиеттерін мақтап өсіру керек» деген тәрбие ережесін айтып жүр. Ал Меңдіға-ра аға осыдан 45-50 жыл бұрын-ақ бала тәрбиесіне осындай озық тәсілді шебер қолдана білген екен.

Біз алыста тұрғандықтан соңғы уа-қытта Айгүл жиі ұялы байланысқа шы-ғып тұратын еді, қонаурау шалғанда шын жүректен асқарқын сөйлесіп, өзіне жарасатын жағымды ашық күлкісімен әрқашан көтеріңкі көңіл-күй сыйлап жү-ретін алтындай жан еді. Айгүлімен әңгі-мелесу, оны тыңдау ерекше қызықты, әң-гімелері өте жарқын, тартымды, сезімге толы болды. Айтқан қызықты әңгіме-лерін жазып алғың келетін, тіпті мен оған өмірдегі қызықты оқиғаларын, естелік-терін жай ғана хикая етіп жаза бастауға кеңес те берген едім. Оның айтқандары, сөз саптауы, баяндау мәнері соншалықты әдемі, құнды әрі жағымды болатын.

Біздің арамызда дәл біздің Айгүлжан сияқты айналысында болып жатқан жа-йттарды жүрекке жеткізе, ерекше әсерлі әрі көркем етіп бақылай білетін, оны өзгелерге дөп басып жеткізетін ешкім болған емес. Ең қызығы, ол не айтса да шын жүректен, еш бүкпесіз жеткізетін, әрқашан көңілді жүретін, ал егер мұнай-ырып, сырын беліссе, мәселенің мән-жа-йын ұғыну, түсіну және оны түзету үшін айтатын, қазіргі тілмен айтқанда өзін-өзі қайта дамытып отыратын жан еді. Жа-қында ғана «балалармен араласқанда үнсіз қалмау керектігін, қарым-қатынас-тың әрбір минутын тиімді пайдалану қа-жеттігін» оқыдым, яғни, қызықты тақы-рыптарда әңгімелесу, пікір таластыру, кеңесу, сұрақ қою немесе бірге ойнау керек, қысқасы үндемей қалмау қажет екен. Айгүл өз балаларымен, немереле-рімен ғана емес, айналасындағы барлық жақындарымен ашық-жарқын араласа-тын, оның бойында табиғат берген ұлы педагогке тән ерекше энергия, күш-қуат пен білім тұнып тұрды.

Соңғы жылдары жеке кәсіпкер ретін-де өзінің жаңа қырын көрсетіп, дүкен ашып, кәсіппен айналысып жүрді. Дү-кеніне балалар келгенде, оларды жай ғана тұтынушы ретінде қарсы алмай-тын. Әр балаға ән жақын ерекес жән-дай жылулық сыйлап, олармен өткізген әрбір сәтті қызықты әңгімеге айналды-ратын, қолынан келгенше көмектесетін, мәселелерін шешіп беруге тырысатын, үлкендер мен балаларды мерекелерімен құттықтап, түрлі акциялар ұйымдасты-рып, қуаныш сыйлағанды ұнататын. Біз Айгүлдің бойынан қоғамның әртүрлі саласындағы адамдармен тіл табысу, іс-шараларды ұйымдастыру және шынайы достық орнату сияқты ерекше қарым-қа-тынас таланттарын көрдік. Алайда, оның әлі де ашылмаған, іске аспаған, қаншама таланты мен жоспарлары қалып қойды.

Айгүліміз Талғат бауырымының шабыт беруші музасы болды. Бір-біріне әрдайым асығып жүретін, әр сәтін қызықты, ма-ғыналы әрі жағымды өткізетін. Қазіргі таңда отбасы үшін, бауырым Талғатқа, балалары Әсет-Дарига, Әсел, Әбішке Айгүлсіз онай емес, Алланың ісіне шара бар ма?

Асыл жанның жарқын бейнесі, жа-саған игі істері мен отбасына сыйлаған жылулығы жақындары мен қимас жандар-ының жүрегінде мәңгі сақталды. Ар-тында қалған ұрпағы мен отбасына Алла тағала сабыр берсін. Иманың саламат, жаның жәннатта болсын, Айгүлжан!

Ботағоз Мұстафақызы
ҚАЛДЫБАЕВА,
білім саласының ардагері



ҚОҒАМ мен ЖУРНАЛИСТИКА: ашық диалогтің маңызы



Алқалы жиынның алғысөзін облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Қаюпов алып, сөздің қадірін, қаламның қасиетін бағалаған Сыр елінде журналистика саласының мектебі қалыптасқанын атап өтті. Бүгінде 30-дан астам этнос өкілдері аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы жолында еңбек етіп келеді.

– Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы республика көлемінде аталып өтті. Мерейлі жыл аясында Қызылорда облысында ауқымды жобалар жүзеге асырылып, республикалық деңгейдегі маңызды іс-шаралар ұйымдастырылды. Барлық ауданда ішінде неке кию залы, кітапхана, музей, архив, жастар, ардагерлер мен аналар үйі бар «Руханият орталықтары» салынды. Орталықтарда ашылған «Қоғамдық келісім» кабинеттері этнос өкілдерінің мәдени-рухани бірегейлігін сақтауға мүмкіндік береді. Бүгінгі игі іс-шара өткізіліп отырған «Достық үйі» ғимараты Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «ҚазАтомӨнеркәсіп» ұлттық компаниясының демеушілігімен салынып, жыл басында пайдалануға берілді. Еңселі орда этномәдени бірлестіктердің, азаматтық қоғам өкілдерінің толыққанды жұмысын қамтамасыз етіп отырған рухани қарашаныраққа айналды, – дейді Руслан Қаюпов.

Биыл облыстық журналистер клубының құрамы сапалық тұрғыдан жанарды. Оның құрамына 20 кәсіби медиа маман енді. Жыл басынан бері 4 мыңнан астам сараптамалық әрі танымдық материал жарық көріп, әлеуметтік желілерде 2900-ге жуық идеялық және түсіндірме жазба таратылды. Ел ішіндегі ынтымақ пен бейбітшілік арнайы тележобалардың арқауына айналды. Одан бөлек клубтың бастамасымен бір-қатар мазмұнды жоба табысты жүзеге асырылып келеді. Басқарма басшысы күрделі геосаяси жағдай мен цифрлық трансформация дәуірінде ақпараттық қауіпсіздікті сақтау, қоғамды бөлуге емес, біріктіруге бағытталған шешім журналистиканың дамыту маңызы басымдықтардың бірі екенін жеткізді.

«Қоғамдық келісім» РММ директорының орынбасары Әсел Артақшынова ауқымды реформалар жағдайындағы журналистер мен бұқаралық ақпарат құралдарына жүктелер жауапкершілік салмағын сарқалады.

– Журналистер клубының қызметі ерекше маңызға ие. Біздің негізгі міндетіміз – реформалардың мәні мен мақсатын кәсіби тұрғыда түсіндіру, қоғамды толғандыратын сұрақтарға нақты әрі объективті жауап ұсыну, сондай-ақ ресми ақпаратты азаматтарға жедел жеткізу. Қазіргі таңда журналистика саласы да елеулі өзгерістерді бастан өткеруде. Ақпарат тарату жылдамдығы артты, әлеуметтік желілер мен цифрлық платформалардың ықпалы күшейді. Жасанды интеллект пен жаңа технологиялар журналистердің күнделікті жұмысының бір бөлігі болды. Осыған байланысты клубқа жаңа міндеттер жүктелді. Клуб тек ақпарат алмасатын алаң емес, кәсіби пі-

кірталас, тәжірибе алмасу және заманауи журналистік дағдыларды жетілдіру орталығына айналуы тиіс, – дейді ол.

Жыл басынан бері республикалық клуб бірқатар маңызды іс-шараға мұрындық болды. Атап айтқанда, ақпараттық жұмыста цифрлық медиаплатформалар мен жасанды интеллект технологияларын пайдалану мәселелеріне арналған оқыту воркшопы өтті. Сонымен қатар конституциялық реформаны ақпараттық сүйемелдеуге, V Ұлттық құрылтайдың шешімдерін түсіндіруге, медиасуаттылықты арттыруға және журналистиканың кәсіби стандарттарын сақтауға арналған кездесулер ұйымдастырды. Әсел Артақшынова алдағы уақытта осы бағыттағы жұмысты одан әрі жалғастыру қажеттігіне тоқталды.

Одан кейін «Қоғамдық-саяси үдерістерді ақпараттық сүйемелдеу» тақырыбында клуб төрағасы Әлішер Сатыбалдиев баяндама жасады. Оның айтуынша, қазіргі журналистикада оқиғаның өзін ғана емес, оның мағынасын түсіндіру маңызды. Қоғамға белгілі бір шешімнің қабылданғанын айту жеткіліксіз.

– Журналистердің кәсіби жауапкершілігі артып келеді. Бүгінгі журналист мәтін жазып қана қоймайды. Ол ақпаратты тексереді, сараптайды, аудиториямен жұмыс істейді, әлеуметтік желідегі пікірлерді бақылайды, визуалды контент дайындайды және қажет болған жағдайда қоғамдық диалогке модератор болады. Журналистер клубының осы бағыттағы рөлі ерекше. Клуб – журналистер, сарапшылар, мемлекеттік органдар мен қоғамдық институттар арасындағы кәсіби пікір алмасу алаңы. Мұндай кездесулердің басты құндылығы – тек ақпарат алу емес, тәжірибе алмасу, ортақ мәселелерді талқылау және ақпараттық жұмыстың жаңа тәсілдерін қалыптастыру. Біз ақпараттық сүйемелдеуді тек мемлекеттік органдардың немесе журналистердің міндеті ретінде қарастырмауымыз керек. Бұл – ортақ жауапкершілік. Мемлекеттік органдар ашық әрі сапалы ақпарат ұсынуы керек. Журналистер ақпаратты кәсіби тұрғыда тексеріп, қоғамға түсінікті түрде жеткізуі қажет. Ал қоғам өз кезегінде ақпаратты сыни тұрғыда қабылдап, тексерілмеген мәліметті таратпау мәдениетін қалыптастыруы тиіс, – дейді ол.

Клуб отырысында сондай-ақ медиа саласының мамандары бірнеше тақырыпта баяндама жасап, өңірлік журналистиканың өзекті мәселелері мен медиа саласындағы заманауи өзгерістерді кеңінен қарастырды. Атап айтқанда, жедел ақпарат пен сапалы контенттің арақатынасы, медиа мен қоғам арасындағы ашық диалог мәдениеті, журналистиканың цифрлық трансформациясы талқыға түсті. Тренингтер журналистердің практикалық дағдысын жетілдіруге, заманауи медиа құралдарын тиімді пайдалануға және ақпараттық кеңістіктегі кәсіби жұмыстың сапасын арттыруға бағытталды.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»



«ЖАСЫЛ ЕЛ» ЖАСАҒЫ МАУСЫМДЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

Өңір жастарынан құралған «Жасыл ел» еңбек жасақтарының маусымдық жұмысының қорытынды іс-шарасы «Сыр ана» монументінің жанында өтті. Оған облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Қаюпов, жастар ұйымдарының өкілдері, еңбек жасақтарының жетекшілері мен белсенді жастар қатысты.

«Жасыл ел» еңбек жасақтарының құрамы бекітілген маусым бойы елді мекендерді абаттандыру, көгалдандыру, санитарлық тазалық жұмыстарын жүргізу және қоғамдық орындарды күтіп-ұстау бағытында еңбек етті. Жас буынның белсенділігі өңірдің көркеюіне және қоршаған ортаның тазалығын сақтауға өзіндік үлесін қосты.

Жиында сөз алған Руслан Мұхамедәліұлы жастардың қоғамдық жұмыстарға белсенді араласуының маңыздылығына тоқталды.

– Жастар – елдің ертеңі ғана емес, бүгінгі қоғамның белсенді күші. Еңбекпен шыңдалып, туған жердің тазалығы мен көркеюіне үлес қосу – азаматтық жауапкершіліктің белгісі. «Жасыл ел» – жастарға еңбек етуге, ортақ іске жұмыла кірісуге және ел игілігіне өз үлесін қосуға мүмкіндік беретін маңызды бастама. Сіздердің еңбектеріңіз – туған жерге деген жана-шырлықтың нақты көрінісі», – деді Р.Қаюпов.



Мемлекеттік деңгейде жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына орай өткен жылы ұйымдастырылған «Жасыл ел» жасағы осы уақыт аралығында жемісті жұмыс атқарды. Айта кетейік, Қызылорда қаласы мен аудандарда 30 бригада еңбек етті. Жастардың қатысуымен облыс көлемінде орналасқан мәдени-демалыс орындарында (аллея, сквер, аландар, парктер) көгалдандыру, абаттандыру жұмыстары жүргізіліп, экологиялық мә-

дениетті арттыруға бағытталған түрлі тақырыптағы іс-шаралар өткізілді.

Қорытынды іс-шарада еңбек маусымында белсенділік танытып, қоғамдық жұмыстарға жауапкершілікпен қатысқан жастардың еңбегі атап өтілді. Туған жердің тазалығы мен көркеюіне атсалысып, еңбек маусымында белсенділік көрсеткендерге аймақ басшысының Алғыс хаты табысталды.

«СБ» ақпарат



АУЫЛДЫҢ АТЫН АЗАМАТТАРЫ АСҚАҚТАТАДЫ

Қаратаудың етегінде кезінде төрт түлігімен мемлекет байлығын еселеген іргелі елдің төл перзенттері атамекенге байланған кіршіксіз болмыстан танбай, талабы зор бұла күш балғындарына көремет тарту жасады. Нақтылап айтар болсақ, Қыраш ауылының ауызбірлігі зор азаматтарының демеушілігімен туған жерде жаңа спорт залы бой тіктеді.

Сәрсенбінің сәтінде спорт нысанының ашылу салтанаты өтіп, оған арнайы қатысқан аудан әкімі Ғалымжан Жаркынбек ауыл тұрғындарының қуанышын бөлісті.

– Мемлекет басшысы кәсіби спортты жандандыру арқылы ұлт саулығына жол ашатынымызды айтып келеді. Осы бағытта ауданымызда спорттық инфрақұрылымды дамыту бағытында көп жұмыс атқарылды. Кейінгі үш жылда он бес спорт нысаны пайдалануға берілді. Былтыр Келінтобе ауылында «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында спорт кешені бой көтерді. Қазіргі таңда Саяжай мөлтек ауданында спорт бәсейінің құрылысы жүргізілуде. Міне бүгін Қыраш ауылының төрінде жаңа спорт кешені ашылып отыр. Осының барлығы бірлік пен жұмыла еткен тірліктің арқасы дер едім.

Атамекенге жанашыр ағалардың игі бастамасын іліп әкеткен ауыл жастары ортақ күш жұмылдырып, әрқайсысы өз қабілет мүмкіндігін сарқа жұмсап, құрылыстың талап деңгейінде салы-

нып бітуіне күш жұмылдырды. Енді осы нысанда жаттығып, жаңаша әдіс-тәсілдерін жетілдіретін жеткіншектеріміздің болашағы мұнан да зор болмақ. Ауылда еліміздің көк байрағын желбірететін жемімпаз ұлдар қатары көбейе берсін, – деді аудан әкімі. Одан әрі осында жаттығуды бастап кеткен жеті мен он бес жас аралығындағы талапкерлерге арнап алып келген сыйлықтарын табыс етті.

Ауыл түлектері бұған дейін құрама сапында болып келсе, кейінгі кезде Қыраш ауылының атынан бөлек команда болып додаларда бақ жарыстырып жүр. Осы ауылдан шыққан Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Қанат Мұсабөкөвтің ізін алып еркін күрестен 4 спорт шебері шықты. Бүгінгі күні 20 өрен спорт шеберлігіне үміткер екен.

Ауданның туын биікке көтерген Дәулет Ниязбеков Әлем біріншілігінің екі дүркін чемпионы атанды, қазірде Қазақстан Республикасының аға жаттықтырушысы екенін айта кету де артық емес.

Салтанатта арнайы сөз алған КСРО спорт шебері, ардагер Дәуітбек Әлмашұлы күрестен елдің атын шығаратын ұландарымыз көп болсын деген тілегін айтып, жастарға батасын берді.

Шараға арнайы келіп қатысқан туған топырақтың түлектері, ҚР-на еңбегі сіңген қайраткер, жазушы-драматург Жолтай Әлмашұлы, ҚР-ға еңбегі сіңген қайраткер, «Парасат» орденінің иегері Қалқазбек Әжібеков, ішкі істер саласының ардагері Тастемір Рахимов сөз алып, жүрекжарды лебіздерімен бөлісті.

Спорт нысанының құрылысына атсалысқан азаматтар аудан әкімінің Алғыс хатына ие болды. Марапатталғандар қатарында ауылдағы №180 орта мектеп мұғалімдері Амангелді Мырзахметов, Арман Қалдыбекұлы, Ғалымжан Баратбеков, жеке кәсіпкер Әділ Дәулетбекұлы, ауыл клубының қызметкері Айдын Садықов және ауыл тұрғыны Әділет Қансейітов бар.

Бір ауылдан түлеп ұшып, бір ортақ арнада бас біріктірген туған жер перзенттерінің парасат болмысы осылайша келешекке тағы бір кемел қадамымен тарих бетінде қатталып қалды.

Баян УСЕЙНОВА.
Жаңақорған ауданы

 www.facebook.com/syrboyi.kz/	 https://twitter.com/syrboyi_kz	 www.instagram.com/syrboyi_kz		
Меншік иесі  жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БАС ДИРЕКТОР Марат АРАЛБАЕВ қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002) БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)	Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037) Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)	Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты. Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (<i>сенбілік екі нөмір</i>) күндері шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.		
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.	e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz	Таралымы 19963	Тапсырыс №1480	Кезекші редактор Ержан ҚОЖАС